

Мемлекеттік астық ресурстарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 29 мамырдағы N 901

Мемлекеттік астық ресурстарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуді, мемлекеттік резерв астығын сатудан алынған және мемлекеттік міндеттемелерді орындауға жіберілген ақша қаражатын қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы бір ай мерзімде Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорына Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 21 маусымдағы N 294 өкіміне сәйкес "Канемацу Корпорэйшн" (Жапония) фирмасынан сатып алынған "СК-5МІ "Нива" маркілі 200 астық жинайтын комбайн берсін.

Комбайндарды беру баланстық құн бойынша жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорына "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына республикалық бюджетте 1997 және 1998 жылдары Қорды қаржыландыруға көзделген қаражаттың есебінен комбайндар үшін табиғи төлем ретінде мемлекеттік ресурсқа 1996 жылы тапсырылған астықтың құнын ұстап қала отырып алынған техниканың құнын:

99655470 теңге - 1997 жылғы 1 тамызға дейін;

3676,2 мың АҚШ долларына баламды соманы - 1997 жылғы 1 қарашаға дейін;

3787,6 мың АҚШ долларына баламды соманы - 1998 жылғы 1 қарашаға дейін төлеу тапсырылсын.

3. Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорына 1997 жылғы 1 тамызға дейін мерзімде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 9 қаңтардағы N 7 өкіміне сәйкес "БАСФ" (Германия) және "Зенека-Защита растений" (Ұлыбритания) фирмаларына республикаға берген пестицидтер үшін 200528000 теңге сомасындағы борышын өтеуге жұмсалған қаражатты республикалық бюджетте 1997 жылы Қорды қаржыландыруға арнап көзделген қаражат есебінен орнын толтыру тапсырылсын. < * >

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.09.02. N 1318 қаулысымен.

4. Алматы облысының әкімі облыс ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 149 өкімімен мақұлданған келісім-шарт бойынша берілген жүгері өсіру жөніндегі венгер технологиясы үшін берешегін Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау

қорына қаржы аударумен өтеу жөнінде шаралар қабылдасын. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.09.02. N 1318 қаулысымен .

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры бір ай мерзімде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің Қор қабылдаған техникаларға төлем жасау тәртібін айқындасын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК